

## 10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ

- 10.1. Серіктестік директоры еңбек қатынастарын реттейтін жалға алу шарттары, сондай-ақ басқа да нысандар негізінде қызметкерлерді жұмысқа алуға құқылы.
- 10.2. Серіктестік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтары беруде кепілдік береді.
- 10.3. Әрбір қызметкердің еңбек кірісі оның дербес үлесіне орай жұмыстың түпкі нәтижесімен айқындалады, жоғары деңгеймен шектелмейді және белгіленген ережелерге сай салық салынады.
- 10.4. Серіктестік дербес еңбек төлемдерінің нысандары мен жүйелерін айқындайды, еңбек шарттарының тарифтік ставкалары мен жалақылар мөлшерін қарайды.
- 10.5. Серіктестіктің қызметкерлері міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады. Серіктестік барлық жұмыс істейтіндердің қауіпсіз жұмыс жасауларына жағдай жасауға міндетті және заңдармен көзделген тәртіпте олардың денсаулықтары мен еңбек қабілеттілігіне келтірілген шығындар үшін жауапты.

## 11. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ


- 11.1 Серіктестікті қайта құру (қайта құрылуы, бірігуі қосылуы, бөліну, бөлініп шығуы) қатысушының шешімімен ерекше түрде жүзеге асырыла алады. Серіктестік қатысушы қайта құру, бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін өзінің қайта құрылуы туралы хабарламаны несие берушілерге арнайы баспаларға беруі қажет.
- 11.2. Серіктестік өзге шаруашылық серіктестігіне немесе өндірістік кооперативтерге қайта құрылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қабылдау актісі бойынша барлық құқықтар мен міндеттер қайта құрылған серіктестікке өтеді.

## 12. СЕРІКТЕСТІКТІ ТАРАТУ

- 12.1. Серіктестік:
- Қатысушының шешімі бойынша;
  - Сот шешімі бойынша;
  - Заң актілерімен көзделген басқа да жағдайларда таратыла алады.
- 12.2. Серіктестікті таратуды Серіктестік қатысушысы тағайындалған тарату комиссиясы жүргізеді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған серіктестікті басқару өкілеттігі өтеді.
- 12.3. Тіркеу аяқталған болып, ал Серіктестіктің қызметі тоқтатылған болып заңды тұлғалардың бірінғай мемлекеттік тізіліміне осы туралы жазба енгізілген сәттен бастап есептеледі.

ЖШС ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: «ЭКВИЖН»

Шандырова Асел Амангелдина

  
Шандырова Асел Амангелдина

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ